

Гүлдана Мұхтарбекқызы    Нұрсәуле Тілдабаева

# DOSTAR 2

**Димаш**

*Балаларға арналған әңгімелер*

Астана-кітап  
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

М 86

**Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.**

**М 86 DOSTAR-2. Димаш : Балаларға арналған әңгімелер. /**

Мұхтарбекқызы Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле : - Алматы:  
Астана-кітап, 2021. - 56 б.

**ISBN 978-601-7595-36-4**

Димаш үлкен қалаға үйренісіп, сүйікті спорт түрін тапты. Хоккей алаңындағы ойынды көргенде, Димаш өзіне жаңа әлемді ашты. Енді жақсы бапкердің командасына кіру үшін барын салмақ. Бірақ үлкен спорт табандылық пен тұрақтылықты қажет етеді. Димаш жарысқа түсуі үшін темірдей тәртіпке үйренуі керек еді. Бапкерді тыңдау мен командалық ойын көрсету – жеңіске жетелейтін жол.

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-36-4

© Астана-кітап, 2021

## Мазмұны

Тимур мен Димаштың бәстесуі.....	6
Іріктеу.....	8
Клубқа қабылданған хоккейшілер.....	10
Жақсы жаңалық.....	12
Алғашқы жаттығу.....	13
Бәсте жеңілген Тимур.....	15
Қатал жаттықтырушы.....	18
Тәртіпке бағынған құл болмайды.....	20
Сабырға сынақ: Хабарландыру.....	22
Алғашқы ойын.....	23
Командаға көңілі толмаған жаттықтырушы.....	26
Жаттығуда.....	28
Күтуден жалықтым.....	30
Түнек.....	32
Үміті үзілген Димаш.....	33
Хоккейді тастауға еш себеп жоқ.....	34
Әке ақылы.....	35
Жұлдызды матч.....	37
Соңғы секунд.....	45
Жыл қорытындысы.....	49
Тапсырмалар.....	54

## ***Құрметті оқырман!***

Димаш үлкен қалаға үйренісіп, сүйікті спорт түрін тапты. Хоккей алаңындағы ойынды көргенде, Димаш өзіне жаңа әлемді ашты. Енді жақсы бапкердің командасына кіру үшін барын салмақ. Бірақ үлкен спорт табандылық пен тұрақтылықты қажет етеді. Димаш жарысқа түсуі үшін темірдей тәртіпке үйренуі керек еді. Бапкерді тыңдау мен командалық ойын көрсету – жеңіске жетелейтін жол.

Адал досы Айжұлдыздың қолдауы Димашқа командылық ойынның сырын ашады. Ата-анасы мен достары қиналғанда демеу бола ала ма? Димаш бұл спортта өз орнын таба ала ма?

Бұл – спорт пен сабақты теңдей ұстап үйренгісі келген балаға үлгі болар хикая.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”  
баспасының авторлар ұжымы

**ДИМАШ**



## Тимур мен Димаштың бәстесуі

– Адина, Адина! – деп Тимур жанында отырған Адинаны сабырсыздана түртті.

– Түһ! – деді Адина Тимурға жақтырмай қарап.

– Мына сабақтың бітетін түрі бар ма? Үзіліске қанша қалды? – деді Тимур шыдамы таусылып. – Қарным ашып кетті ғой! – дей бергені сол еді, қоңырау даусы шыр ете қалды.

– Әне, қоңырау! – деді Адина.

Осы сәтте алдыңғы партада отырған Димаш пен Гена бұларға бұрылды.

– Кеттік, асханаға!

– Кеттік, кеттік!

Түскі үзіліс болғандықтан, тамаққа кезекке тұрып қалмау үшін балалар асханаға жүгіре бастады. Тимур мен Димаш қатарласа жарысып алға шығып кетіпті.

– Бірінші жеткен біреуің маған да орын ала салыңдаршы, – деді Гена жайбасар әдеті бойынша.

– Уайымдама, бізге орынды өздері үшін алады, – деді Адина Генамен асықпай келе жатып.

Балалар қанша қарны ашса да, төртеуі бірге жиналмайынша тамақ ішуді бастамайтын.

Асханада оқушылар көп емес екен. Тимур мен Димаш кезекке тұрып, көп өтпей оларға Адина мен Гена қосылды. Тамақтарын алып, үстелге жайғасты.

– Ас болсын ба? – деді Димаш достарына қарап.

– Ас болсын! Ас болсын! Бастай беріңдер...

Тамақтанып болған соң, қарны тойған Тимур кімге тиісsem